№108 АВТОРЛЫҚ КЕЛІСІМШАРТ

Астана қ. «22» 05 2023 жыл

Қазақстан Республикасының азаматы **Шуйншалиева Мира Хамзиевна,** жеке куәлік №047570854, 2020 жылғы 3 наурызда ҚР ІІМ берген, бұдан әрі «Автор», бір жағынан және бұдан әрі «Баспа» деп аталатын «Фолиант» баспасы» (2002 жылғы 21 қаңтардағы №11175-1901-ЖШС мемлекеттік тіркеу туралы куәлік) Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Жарғы негізінде іс-әрекет ететін директоры **Исабеков Нұрлан Сәрсенбіұлы** тұлғасында, екінші жағынан, бұдан әрі «Тарап/Тараптар» бірлесіп және (немесе) жеке төмендегі осы келісімшартты (ары қарай – Келісімшарт) жасасты.

1. КЕЛІСІМШАРТ МӘНІ

1.1. Автор Баспаға **«Ар азабы»** атты шығармалар жинағын – шығармасын (ары қарай – Шығарма) қазақ тілінде пайдалануға айрықша құқық береді, ал Баспа осы айрықша құқықты бергені үшін Авторға сыйақы төлейді. Осы келісімшарттағы «Пайдалану» сөзі Шығарманы тауар түрінде немесе осы Келісімшартта қарастырылған азаматтық айналым шегінде басқалай пайдалану деген ұғымды білдіреді.

1.2. Автор Баспаға Шығарманы пайдалануға айрықша құқықты келесі тәсілдермен береді:

1.2.1. Шығарманы (басып шығару, жариялау құқығы) тиісті серияда немесе сериядан тыс Баспаның фирмалық атауымен, өндірістік маркасымен және тауарлық белгісімен басып шығару, жариялау.

1.2.2. Шығарманы Баспаның фирмалық атауымен, өндірістік маркасымен және тауарлық белгісімен жария түрінде пайдалану, оны ақпараттық, жарнамалық және басқа да мақсаттарда көрсету. Бұл ретте Шығарманың әр данасында Автордың аты-жөні немесе лақап аты (көпшілік пайдалану құқығы) көрсетілуі тиіс.

1.2.4. Электронды және аудио нұсқасын түрлі ресурстарда пайдалану (көшірме жасау), сату құқығы.

1.3. Автор осы Келісімшартқа сәйкес берілетін Шығарманың авторлық құқығының бірден-бір құқықиеленушісі екеніне кепілдік береді.

2. ТАРАПТАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ

2.1. Автор:

2.1.1. Егер үшінші тұлғаларда баспа құқығы бойынша мәселелер немесе күмән туындаса, Автор мәселені өз бетімен шешуге кепілдік береді.

2.1.2. Осы Келісімшарттың әрекет ету мерзімінде Шығарманы басқа баспаларға, заңды және жеке тұлғаларға, және т.б. үшінші тұлғаларға Шығарманы пайдалану құқығын бермеуге **міндеттенеді.**

2.2. Баспа:

2.2.1. Шығарма басылымының әр данасында Автордың аты-жөні немесе лақап атының болуын, сонымен қатар негізгі (титулды) беттің теріс жағында, төменде авторлық құқық қорғау белгісінің ©, Автордың аты-жөнінің (лақап атының) болуын және де Шығарманың бірінші басылымының жылын көрсетуді қамтамасыз етуге **міндеттенеді.**

2.2.2.Баспа Авторға алғашқы таралымнан кітаптың 5 (бес) данасын тегін беруге міндеттенеді.

2.2.3. Тараптар телефондарының байланыс нөмірлері, пошталық және банк реквизиттері өзгерген жағдайда бір-біріне 5 (бес) жұмыс күні ішінде хабарлауға **міндеттенеді**.

3. СЫЙАҚЫ МӨЛШЕРІ МЕН ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ

3.1. Баспаға осы Келісімшарттың 1.2-тармағына сәйкес Шығарманы пайдалануға айрықша құқық бергені үшін берілетін авторлық сыйақы мөлшері **632 000 (алты жүз отыз екі мың) теңгені** құрайды.

Баспа _____ Автор _____

3.2. Баспа Авторға сыйақыны Қазақстан Республикасының заңнамасында карастырылған барлық салықтар мен төлемдерді ұстап қалу арқылы жүргізеді.

4. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

4.1. Осы Келісімшартта көрсетілген міндеттерді орындамаған немесе тиісті деңгейде орындамаған Тарап Қазақстан Республикасының әрекеттегі заңнамасына сәйкес жауап береді.
4.2. Осы Келісімшартта көрсетілген міндеттерді орындамаған немесе тиісті деңгейде орындамаған Тарап басқа Тарапқа орындамау салдарынан ұтылған пайданы қоса есептегендегі болған шығынды өтеуге міндетті.

5. БАСҚА ЖАҒДАЙЛАР

5.1. Осы Келісімшартқа енгізілетін барлық өзгертулер мен толықтырулар Тараптармен келісіледі және осы Келісімшарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Қосымша келісім түрінде рәсімделеді.
5.2. Осы келісімшартты түсіндіру кезінде пайда болған даулар мен келіспеушіліктерді Тараптар кеңесулер мен келіссөздер арқылы шешеді.
5.3. Аталған жолмен оларды реттеу мүмкіндігі болмаған жағдайда даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының әрекеттегі заңнамасына сәйкес сот тәртібінде шешіледі.
5.4. Осы Келісімшартпен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының әрекеттегі заңнамасымен регламенттеледі.
5.5. Келісімшарт қазақ тілінде бірдей заңды күші бар 2 (екі) данада жасалған, әр Тарапқа бір данадан беріледі.
5.6. Келісімшарттың әрекет ету мерзімі осы Келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жыл.

6. ЗАҢДЫ МЕКЕНЖАЙЛАРЫ, РЕКВИЗИТТЕРІ ЖӘНЕ ТАРАПТАРДЫҢ ҚОЛДАРЫ:

Баспа:

«Фолиант» баспасы» ЖШС
010000, Астана к.,
Ш.Айманов к-сі, 13
БИН 020140000742
ИИК KZ558560000000267305
БИК KCJBKZKX
АО «Банк ЦентрКредит» Астана к.
КБЕ 17. Тел.: (717) 231-03-69

Директор

Н.С. Исабеков

Автор:

Шуйншалиева Мира Хамзиевна
Индекс: 090000 БҚО, Орал каласы,
Қ.Жұмағалиев, 20/1, 103-бөлме
ж/к № 047570854 03.03.2020 ҚР ІІМ берген
ЖСН 671111401356
«Қазақстанның Халық банкі» АҚ
KZ456010002030864654
Ұялы тел: +7 707 342 3274

Автор

_____ **М. Шуйншалиева**